

№ 7 дәріс

Тақырыбы: АРАБ ЖАЗУЫ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Дәрістің мақсаты: Араб мәдениеті, араб жазу ескерткіштері, араб алфавитінің құрамы, таңбалануы туралы мағлұмат беру. Араб алфавитімен жазылған ескерткіштермен таныстыру.

Дәрістің жоспары:

1. Араб мәдениеті, араб жазуы ескерткіштері.
2. Араб алфавитінің құрамы, таңбалану ерекшелігі.

1. Араб мәдениеті — исламның әлемдік дінге айналуы негізінде қалыптасып, араб тілін ғылыми және әдеби тілге айналдырған араб және көне басқа да мұсылман халықтарының мәдениеті. Араб мәдениеті негізінде афроазиялық және еуроазиялық даланың көп аумағын қамтыған және қазіргі әлемдегі 8 супер өркениеттердің бірі — Ислам Өркениеті қалыптасты (жалпы тұрғындарының саны 1,5 млрд. адам). Араб мәдениетінің қалыптасуына Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка аймағында өмір сүрген ежелгі Шығыстағы өркениеттердің (Мысыр, Финикия, Вавилон, Шумер, Ассирия, т.б.) ықпалы мол болды.

Араб өркениеті— ислам дінін ұстанып, араб тілін ғылыми және әдеби тілге айналдырған араб және басқа да халықтар өркениеті. Ғылымда «араб мәдениеті» деген атпен белгілі. Орта ғасырларда Таяу және Орта Шығыста, Солтүстік Африка мен Оңтүстік-Батыс Еуропада өркен жайған. Ғылымды дамытуға және оны басқа елдерге таратуға тікелей әсер еткен араб өркениеті Батыс, Оңтүстік және Солтүстік Арабияда туып, қалыптасты. Бұрын сабей тілінде сөйлейтін Оңтүстік Арабия халқының көне мәдениеті, өзіндік жазуы болған. Сирия, Ливан, Палестина, Ирак елдеріндегі арамей халықтарының мәдениеті сияқты сабей мәдениеті де араб өркениетінің дамуына негіз болды. 4 ғасыр шамасында пайда болған араб жазуы, арамей жазуының дамытылған түрі еді. Шапқыншылық соғыстар нәтижесінде ұлан байтақ империяға – халифатқа айналған Арабиядағы қатынас құралы осы жаңа жазуы бар араб тілі болды. Исламды енгізген Мұхаммед пайғамбардың уағызы бойынша барша қауым осы жаңа дінді мойындай отырып ілгері дамуға, жаңа аймақтарға осы бағыттың артықшылығын түсіндіруге, уағыздауға тиіс болды. Халифат құрамына Шығыс, Солтүстік Африка, Ирак, Ауғанстан, Пиреней түбегінің басым бөлігі, Кавказдың оңтүстігі мен Солтүстік-Батыс Үндістан кірді. Осы жерлердегі халықтардың мәдениетімен қоса көне грек, эллин, рим, үнді мәдениетінің жетістіктерін бойына сіңірген, анағұрлым озық мәдениет жасалды. Оған парсылар, сириялықтар, Орта Азия мен Кавказ халықтары зор үлес қосты. Осылайша қалыптасқан араб мәдениеті Батыс Еуропа халықтарына және дүниежүзілік мәдениетіне игі әсер етіп, оған орасан зор үлес қосты. Арабтардың астрономия саласындағы еңбектері Еуропа астрономиясының негізін қалады. Осы күнге дейін көптеген жұлдыздардың аттары, ғылыми, мәдени терминдер араб тіліндегі атауын

сақтап қалған. Араб өркениетінің негізі де, қайнар бастауы да араб философиясы болды. 827 ж. араб ғалымдары меридиан шеңберін өлшеп, жердің көлемін анықтады. Негізін үндіден алып, санаудың ондық жүйесін, оның сәйкесті цифрлары мен нөлді пайдаланудың жолын тапты. Тригонометриялық функцияны (әл-Баттани, 858-929) енгізді. 1 және 2 дәрежелі алгебралық теңдеуді шығарудың бірнеше жолын тауып, бүкіл математиканың дамуына жол ашты. Медицина ғылымына, оның ішінде офтальмология саласына айрықша үлес қосты. Соның нәтижесінде геометриялық оптика үлкен жетістіктерге жетті. Медицинаның, онымен тікелей байланысты фармакологияға қажетті химияның дамуына жағдай жасады. Алхимия кең тарады. Қатты денені буға, буды қатты денеге айналдыру, кристалдандыру, сүзу тәсілдері де арабтардан бастау алады. Шығыста пайда болған компас, қағаз, оқ-дәрі, т.б. арабтар арқылы Еуропаға тарады. Осы сан салалы ғылым Орта Азияның ұлы ғалымдары Әбу Әли ибн Сина мен Әбу Райхан Бирунидің араб тіліндегі еңбектерінде одан әрі дамытылды және басқа елдерге танылды.

Араб өркениетінің дәуірлеген шағы 8-11 ғасырлар болды. Оның көрнекті үлгілері сәулет және бейнелеу өнерінде көрінді. Мешіт, медресе, тұрғын үйлердің жаңа үлгілері жобалық шешімімен, айшықты өрнектерімен, эстетикалық әсемдігімен ерекшеленді. Ислам діні адамдар мен жануарларды бейнелеуге тыйым салды. Меккедегі Қағба ғибадатханасы, Иерусалимдегі 692 ж. салынған әл-Ақса мешіті (1969 ж. Израиль фанатиктері өртеп жіберген), Дамаскідегі Бани-Омейя мешіті (8 ғасыр), тұрмыс-салт тақырыбында әшекейленген Кусейр-Әмре қамалы мен Әмре мешіті (641 ж.). Араб өркениетінің сәулет өнеріндегі озық үлгілеріне жатады. Батыста (Алжир, Испания, Марокко, Тунис) Мавритания өнері аталған сәулет өнерінде тамаша үлгілер туғызды. Оның осы кезге дейін сақталған озық туындысы Гранададағы Альгамбра қамалы. Азиядан тыс жерде араб өркениеті Египет пен Сирияда өте жоғары дамыды. Әсіресе, Египетте күні бүгінге дейін сақталған ибн Тулун (876-879 ж.), әл-Әзхар (970-972), әл-Хаким (990-1013 ж.) мешіттерінің жобалық үлгісі, әшекей-нақышы, құрылыс бөлшектерін өрнек түрінде пайдалану тапқырлығы қазірге дейін таңқалдырады. Каир қаласындағы осы үш мешітке жұма намазға жиналған бүкіл қала халқы сыйған. Ал 15 ғасырда әл-Әзхар мешітінде ашылған кітапханада араб Шығысының мәдениеті мен тарихына байланысты 60 мыңнан астам кітап пен 15 мыңдай қолжазба сақталған. Бұл кезеңде мешіттермен қатар керуен-сарайлар, моншалар мен тұрғын үйлер салынған. Орта ғасырдағы араб музыкасы Испанияның, Португалияның музыка өнеріне, кейбір Еуропа елдерінің музыка аспаптарының қалыптасуына әсер етті. Бұл кезде арабтардың музыка ғылымы да жақсы дамыды. 11 ғасырдың ақырына таман халифаттың ыдырауы, салжұқтардың жаугершілігі мен крест жорықтарына қарсы күрес, 13 ғасырдағы моңғол шапқыншылығы, 16 ғасырдың басындағы түрік жаугершілігі, 19-20 ғасырдағы Еуропа отаршылдығы араб өркениетінің дамуын күрт бөгеді. Бірақ кезінде қатты

дамып, жан-жақты қалыптасқан араб өркениетінің Батыс пен Шығысқа еткен әсері өзіндік өшпес ізін қалдырды.

2. Араб алфавитінің құрамы. Солдан оңға қарай жазылып, оқылады. Дыбыс таңбаларының сөз басында, ортасында, соңында, жеке тұрғанда түрліше таңбаланады.

Араб графикасындағы <e> фонемасының ашық-қысандығы айырылмағандықтан екі әріппен де берілді. Сонда <a>, <ә>, <e> фонемалары бір графемаға ұйымдасқанмен төрт түрлі позициялық әріп-вариантта қолданылды. Оларды графема-әріп қатынасында көрсетсек, мысалы, 3 фонема: 1 графема; 1 графема: 4 әріп болады. Г.Мамырбекованың зерттеуі бойынша, дауыстылардың өзіндік таңбаланатын жүйесі болған. Сөз басында <e> фонемасы міндетті түрде /ia/-мен берілген, ал сөз ортасы мен аяғында <a>, <ә>-лермен бірге /ha/ арқылы таңбаланған. Біздің ойымызша, мұндағы сөз басындағы <e>-нің дифтонг реңкі жазуда ескерілген. Ал сөз ортасы мен аяғында ашық езуліктердің позициялық реңкі нейтрализацияланып берілген дейміз. Дауысты дыбыстардың бір инвариант таңбасының (харакат) қойылмай кету ерекшелігі жазудың кодтық қасиетін білдірді.

Қазақ жазуында дыбыстық мәні бар әріпке мадда белгісін қойып, дыбыстық мәні жоқ әріпке мадда белгісінің қойылмауы қысқа дауыстылардың харакаттармен, созылыңқы дауыстылардың мадда белгісімен белгілену тәртібіне сәйкес келді.

Араб жазуында мәтін әріп не буын арқылы емес, сөзді тұтас көре отырып, мағынасына қарай дауыстыларды қалпына келтіріп оқитын логикалық әдіске негізделді. Сондықтан алғашқы буындағы дауыстылардың редуциялануы, әсіресе қысаң езуліктердің фонемалық мәнге ие болмағанда таңбаланбауы тұрақты нормаға айналды.

Сөйтіп, дауыстылар жүйесінің графема-фонема қатынасы: 3:9 болып шықты. Жазу бір буынды сөздердің мағынасын ажыратуда қиындық тудырғаны рас. Мысалы, *ор, өр, ұр, ұр* сияқты түбірлер бірдей жазылды.

Жалпы ҚЖ-да араб графикасының дәстүрін, сипаты сақтаған, яғни араб тілінің графикасы түпнұсқа қалпында жүйесі бөлек қазақ тілінің ЖТ-нде пайдаланылды. Сонда ҚЖ өзіндік жүйесі мен деңгейі болған, АТ-дан өзгеше, оған параллель жатқан жүйе болды. Н.Уәли айтқандай, халықтық тілден едәуір айырмашылығы бар кітаби тілдің тұрпат межесін белгілеген графикалық жүйе болды. Ал дауыссыздар жүйесін белгілейтін әріп таңбалары 20 болды. Мұндағы 3 әріп шеттен енген сөздерді таңбалады: х, ф, ч: *хазірет, хабар, хош*. Араб жазуының демократиялана бастаған жәдид жазу жүйесінде, мысалы, Түркістан уәлаяты газетінде бұл қатардың кейбіреуі қ әрпіне көше бастайды: *қабар, қан*. <В> - /у/ мен, <ц> - тс пен берілді. Сөз мағынасы дауыссыздардың жуан-жіңішке вариантымен айрылып отырды. <Ң> – /нк/ әріп тіркесімен берілді. [п], [ғ], [ч] дыбыстарының таңбасы парсы әліпбиінен алынды.

Г.Мамырбекованың зерттеуі бойынша, <п> фонемасының сөз басында парсылық /пе/-мен, сөз аяғында арабша /ба/-мен сөз ортасында бірде /ба/, бірде /пе/-мен берілу жүйесі қатаң. Бұдан сөз аяғы қатаң [п]-мен аяқталмайды

дегенді білуге болады. Сондай-ақ <б> фонемасының сөз ортасында /ба/-мен, бірге /ве/- мен де берілуін интервокал позициядағы босаң <б> вариациясын білдіруі деп түсінуге болады.

Жалпы араб әліпбиінің түпнұсқасында болмаған <п> дыбысының әрпі өзге әліпбиден (парсы) алынса да, толық өз функциясында жұмсала алмаған дейміз.

Араб әліпбиінде <г> фонемасының да таңбасы болмағандықтан кейде орнына ғ әрпі пайдаланылған. Сол себепті басқа тілден енген сөздердегі <г>-к әрпімен таңбаланып отырған дейді проф. Б.Әбілқасымов: *акроном, дәркер, емке, крек*. Ч әрпі өзге графикадан алынғандықтан ш графемасынан дифференциацияланбай, екі әріп таңбалары бірінің орнына бірі қолданыла берген, ч әрпі қатаңмен іргелес келгенде де, дауысты, үндімен іргелес келгенде де таңбаланған кездері аз емес: *айтчы, елчі*. Орыс тіліндегі <в> фонемасы 3 түрлі дыбысталуына сай, біресе у мысалы, біресе б таңбасымен (*чинобник, бистафка*), біресе ф әрпімен берілді (*Жапанов, Ибанов*).

Араб жазуының емлесіндегі бір ерекшелік ерін үндесімінің басым берілуі, тіпті қосымшаларда да таңбалануы болды: *болұс, мүйүз, тұрғұн, ұзұнлұқ, ұстүнен*. Яғни, ерін үндесімі позициялық өзгерісті бейнелеген фонетикалық принциптен де шықты, сонымен бірге оғыз-қарлұқ архаикалық элементінің де дәстүрін сақтады, мысалы: *оқұб, бірақ барұб, келұб*. Проф. Р.Сыздық Қ. Жалайырдың еңбегінде лабиалды үндесім тұрақты таңбаланбайтынын, ал қосымшалардың еріндік варианты мүлде кездеспейтінін айтады.

Бұл тенденцияны орта түркі шағатай тілінің орфографиялық нормасынан қазақ тілінің өз емле нормасы бөлініп шыға бастағаны деп түсіндіруге болады. Қосымшалардың түбірге үйлесімсіз бірыңғай ұяң вариантпен жазылуын Г.Мамырбекова инвариант-вариант принципі бойынша ұяң нұсқасы инвариант болып табылған да, АТ-да үйлесім варианттарымен дыбысталғаны деп көрсетеді.

Жалпы, мұнда қосымшалардың мазмұн межесі (мысалы, көптік жалғауының қазақ АТ-нде 9 варианты бар) бір тұрпат межесіне сай келген қосымшаның таңбалық сипатын көруге болады: 9 <лар, лер, дар, дер>/1 <лар>.

Сөз болып отырған жазу емлесі морфологиялық ұстанымға негізделді. Дегенмен, ерін үндестігінің позициялық түрленімінің таңбалануы, *орнына, халқыңыз, көңлүме* сияқты сөздерде қысаң езуліктердің айтылуы бойынша түсіріліп жазылуы, интервокал позициядағы <қ> фонемасының /х/ әрпімен (*йахшы, йарылханыб, ахыры, ахшар*) берілуі, /к/, /ғ/ әріптерінің жуан дауыстылармен іргелес жазылуы] араб жазу дәстүрінен қазақ тілінің өзіне тән жазу жүйесі түзіліп келе жатқанынан хабар берді.

Біздің ойымызша, АГнҚЖ-дағы қосымшалардың инвариант принципімен (Г.Мамырбекованың анықтауы) таңбалануы, қысаң дауыстылардың таңбалануы, жазу теориясына, жазу экономикасына сай, болашақтағы жазу дәстүрі үшін ескеруді қажет ететін орфограммалар болуы тиіс.

Сонымен XVIII–XIXғғ. араб жазулы ескерткіштердің әліпбиі мен орфографиясына арнайы зерттеу жүргізген Г.Мамырбекованың диссертациялық еңбегі барлығын ескере отырып, біз мұнда АГнҚЖ-ның жалпы сипаты мен маңызын көрсетумен, орфографиясының кейбір ерекшеліктеріне пікірімізді білдірумен шектелдік.

Дәріс бойынша бақылау сұрақтары:

1. Араб мәдениеті, араб алфавитінің құрамы?
2. Араб әліпбиінің ерекшеліктері қандай?